

Алакөл ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Жетісу облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 352 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алакөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алакөл ауданы әкімдігінің мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын :

1) "Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын Алакөл ауданының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" 2023 жылғы 17 сәуірдегі №116;

2) "Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын Алакөл ауданының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Алакөл ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 17 сәуірдегі № 116 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" 2023 жылғы 1 шілдедегі №195 .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Алакөл ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Д.С. Сатыбалдиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алакөл ауданының әкімі

А.Абдинов